

Өнербаева З.О.

**ХИМИК МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДЫҢ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТТЕРІНІҢ БІРІ –
КӘСІПТІК ІСКЕРЛІГІН ЖЕТІЛДІРУ**

Өнербаева З.О.

**ОДИН ИЗ ВАЖНЕЙШИХ ЗАДАЧ ПОДГОТОВКИ СПЕЦИАЛИСТОВ ХИМИКОВ
– СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ УМЕНИЙ**

Педагогты даярлау процесін технологиялық тұрғыда қарауды іске асыру проблемасын талдау, оның мәндік сипаттамаларын анықтауға мүмкіндік береді:

- 1) жоспарлау, мақсаттарды талдау, оқу – тәрбие процесін ғылыми тұрғыда ұйымдастыру, оқытудың тиімділігін арттыруын көздейтін ең қолайлы мақсаттар мен мазмұнның әдістерін, құралдарын, материалдарын таңдау;
- 2) стандартизациялау, процесті бірегейлі ету, берілген жағдайларға қатысты оны жаңарту мүмкіндігі бақылау құраушы бөлік ретінде;
- 3) нәтижелікті кепілді қамтамасыз ету, оқу процесінің тиімділігі, нәтижелерді жаңарту.

Оқыту технологиясының тұлғалық сипаты, біздің көзқарас бойынша, үйренушілердің кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыру және дамытуға бағдарланады.

Педагогикалық технология дегеніміз – ол оқыту формаларының, әдістері мен құралдарының біртұтас жүйесі. Ол – тұлғалық, жүйелілік және іс - әрекеттік қатынастарды жүзеге асыру негізінде құрылады.

Кепілді нәтиже үйренушінің тек қана “жинақталған” адамзат тәжірибе-сін табысты игеру, оның өзін - өзі жігерлендіруін және шығармашылықты қабілеттілігін дамытуын түсінумен ғана шектелмейді, ол осы тәжірибені иеленуінің (мұғалімнің) өзін - өзі жігерлендіруімен де, шығармашылықты өсуімен де, соның нәтижесінде бұл тәжірибе жаңа сапаға ие болуымен де түсіндіріледі. Біртұтас педагогикалық процесті жобалаудың анықталған заңдылықтарының негізінде оқытудың технологиясы жасалады. Біртұтас педагогикалық процесті жүзеге асырудың теориясы мен технологиясын ғалым – педагог Н.Д. Хмель толық, тыңғылықты түрде қарастырған [1].

Болашақ мұғалімнің әдіснамалық мәдениет негізіне алынған жүйе құру-шы компоненттерді меңгеруі, оған осының негізінде жекелеп оқыту технологиясын, яғни оқылатын пәннің ерекшеліктеріне және мұғалімнің кәсіби қасиеттеріне бейімделген педагогикалық технологияны жоба-

лау ұстанымдарына байланысты жасалған технологияны жобалауға мүмкіндік береді. Ол ұстанымдар оқылатын пәннің ерекшеліктеріне және мұғалімнің кәсіби қасиеттеріне бейімделген.

Т.А.Ильина мұғалімнің оқыту компоненттерінің құрамына оның қолданылатын және мазмұнды меңгерудің нақтылы міндеттерін шешу әдісте-рін, оқушыны, сонымен қатар оқу процесін көрнекі және техникалық құрал-дармен жалпы жабдықтауды кіргізеді [2, б. 202].

В.И. Орлов оқытуды басты үш компоненттердің әрекеттестігі ретінде қарастыруды ұсынады: “мұғалім – мазмұнды оқу ақпараты – оқушы”, сонымен қатар автор мазмұнды оқу ақпараттын оқыту процесінің ең маңызды элементі ретінде қарастырады [3, б. 53 – 55].

Автор мазмұнды оқу ақпаратын танымдағы сезімталдық және логикалық бастамалардың бірлігіне сәйкес біртұтас болады деп есептейді. Мұнда ол мынадай жетекші аспектілерді бөледі: перцептивті, ауызша, перцептивті – қисынды.

Яғни, ақпаратты деңгейлерінің біреуінде меңгеруге болады:

- 1) Перцептивті – ақпаратты сезім мүшелері арқылы меңгеру. Бұл деңгейде ақпаратты заттар (процестер, құбылыстар) және олардың бейнелері көрсетіледі;
- 2) Ауызша – мұғалім мен оқушының ауызекі және жазып сөйлесуі, оқу, кітабы, компьютерлік текст түрінде берілген ақпаратты меңгеру және т.б.
- 3) Перцептивті – қисынды, ол оқу – танымдық бейне түрінде алынған ақпаратты меңгеру, мұны мұғалім затты көрсету және бір мезгілде ауызша оның қасиеттерін химиялық реакция арқылы қалыптастырады.

Осы талаптарды орындау химия пәні мұғалімнің әдіснамалық мәдениетінің қалыптасуының негізі болып саналады.

Біздің пікіріміз бойынша, оқу ақпаратын ықшамдау ұғымының әдіснамалық мағынасы бар, себебі ол жүйелілік тұрғыдан қараудан маңызды ұстанымы – дамыту ұстанымына ара қатысты болады. Алайда, бұл ұстаным оқыту әдістерінің жүйесі мен оқу процесін ұйымдастыру формаларымен келісілген болу керек.

Жоғары оқу орнын бітірген химия мұғалімінің кәсіптік функциялары мектепке тек сабақ берумен ғана шектелмейді. Ол алғашқы күннен бастап мектептің химия кабинетін керекті аспаптармен жабдықтауды қолға ала бастайды. Көп жағдайда, әсіресе ауыл мектептерінде, химия мұғалімі оқу процесінде қолдан керекті қарапайым аспаптарды жасауға және басқа көрнекі құралдарды жетілдіруде кәсіби деңгейін шыңдайды. Бұл жағдайларда әрине, түлектің жоғары оқу орны қабырғасында алған конструкторлық білімі, іскерліктері мен дағдылары өте қажет болады.

Химия пәні мұғалімін даярлау, әсіресе химиялық пәндерді үйренуде (оқыту мазмұнының ықпалдастығының жоғары дәрежеде болуы салдарынан) оқытудың проблемалылығын максимум дәрежеде пайдалануға мүмкіндік туғызады, бұл бір жағынан, ал екінші жағынан студенттердің әр түрлі жағдайдағы даярлығы химиялық сипаттағы ақпаратты қабылдауда оқудың жеке даралық түрін күшейтуді керек етеді (тапсырмаларды терең ойланып беру, оқу процесін ұйымдастыру формасы), ол кейінгі ғылыми – техникалық, химиялық білімін, іскерліктерін және дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Сондай – ақ ақпаратты қағаз тасушыдан магниттікке, компакт – дискіге ауыстыру тиімді болады. Әрине, бұл жағдайда оқу орнын ұйымдастыру техникасымен жабдықтау деңгейін, ақпараттық технологияны сабақ беруде пайдалана алатын мұғалімдерің біліктілігі мен кадрлар құрамын, дидактикалық жабдықталуын, дәстүрлі оқыту әдістерімен қатар жаңашылдықты пайдаланатын оқу орнындағы инновация деңгейін ескеруші дифференциалдану тұрғысынан қарау қажет.

Сол сияқты, педагогикалық технологияны жетілдіруде Г.И. Шукина ескерткіш былайша тұжырымдаған [4, б. 39] ақпараттық технологияларды бүгінгі материалдық базаның, кадрлар құрамы мен мұғалімдер біліктілігінің, оқу процесінің дидактикалық тұрғыда жабдықталу мүмкіндіктерін бағалау негізінде ендіру.

Автордың пайымдауынша аталған оқыту технологиясын жобалау ұстанымдары оқыту процесінің мазмұнды жағына жатады, белгілі бір ұстанымдарына сай келуі қажет және жан – жақты ойлануда керек етеді. Бірінші кезектегі мәселе – оқу процесін ұйымдастырудың формасын табу. Жоғары оқу орындарының оқу процесін ұйымдастыру формасы белгілі дәрежеде оқу ақпаратын беру формасын да және оқытудың жетекші әдісін де таңдауды анықтайды.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты, педагогикалық технологияны былайша тұжырымдаймыз: студенттерінде проблемалылықты

біртіндеп арттыру негізінде, студенттердің химиялық даярлығының дербес деңгейін бағалау барысында репродуктивтік және шығармашылық әдістердің оңтайлы үйлесімділігі қамтамасыздандыру.

Кесте – 1 – де оқу процесінде ұйымдастыру формаларының әрбіреуіне оқытудың осы немесе басқа формасы сәйкес келетін бағанын құрастыру тиімді. Осылайша өзара сәйкестілікті таба отырып, педагогикалық технологияның маңызды компонентін былайша анықтаймыз.

Кесте 1 – Оқыту мен оқу процесін ұйымдастыру формалары.

Оқыту формалары	Оқу процесін ұйымдастыру формалары.
Жекелік	Дәріс
Көпшілік	Практикалық сабақ
Өзаралық (мониторлық)	Лабораториялық жұмыс
Іріктелген	Семинарлық сабақтар.
Жекелеген	Практикалар (педагогикалық, технологиялық, оқу практикасы).
Топтық	Топсеруендер
Өздік жұмыс	Іскерлік ойындар
Дистанттық	Тренингтер

Дәрістік сабақтар теориялық ақпаратты берудің негізгі формасы болып қана береді. Автор оқытудың процессуальдық жағын талдай келе, мынадай мәселеге көбірек көңіл бөлгендігі байқалады. Ол оқытудағы қайшылығы бар проблемалық және проблеманы – іздеу әдістерін пайдалану қажеттілігі және оқытудың дәрістік формасын пайдаланудың шектелген мүмкіншілігі. Егер оқу процесінің дидактикалық қамтамасыздандырылуы жақсы болса, онда дәрісті оқу барысында проблемалылықты біртіндеп өсіруге болады, бұл жағдайда оқытылатын курстың негізгі тараулары оқу құралдарында және дәрістер курстарында берілуі керек. Студенттер дәріске белгілі бір теориялық дайындықпен келеді деп ұйғарылады және дәріс бұл жағдайда проблемалық жағдаяттардың біршама жиынтығы болады, оны шешу теориялық материалды тереңірек білуге мүмкіндік береді. Мұндай жағдайда мазмұнды ақпарат дәріс оқу барысында модульді – тіректі формада берілуі мүмкін. Оқу материалын мұндай түрде беру, автордың ойынша, оқу әдебиеттерімен және дәрісте берілген оқу модульдерімен өздігінен орындайтын жұмыс жасауға жағдай тудырады. Соның негізінде студент тіректік плакаттың өздік вариантын жасауға мүмкіндік алады. Бұл әрине болашақ мұғалімнің ақпаратты ықшамдау іскерліктері мен дағдыларын, іске шығармашылықты қарауын қалыптастыруға мүмкіншілік жасайды.

Практикалық сабақтар (әсіресе химиялық пәндерді оқытуда) проблема-лық әдістерді,

мұнымен қатар дәстүрлі формаларға қоса болашағы мол өзаралық оқытуды барынша пайдалануға мүмкіншілік береді, оның мәні үйренушілерді сабақ беруге қатыстыру.

Болашақ маманды кәсіби даярлауда және соның ішінде жалпы кәсіби даярлауда біз студенттердің өздігінен орындайтын жұмысына баса назар аударамыз. Б.Г.Есипов [5], В.А.Козаков [6] және А.Н.Сергеев [7] “белсенділік” және “дербестілік” ұғымдарының ара қатысын өз еңбектерінде талдады. Оларды талдау нәтижесінде мынадай қорытынды жасауға болады:

- 1) Белсенділік дегеніміз – білімді, іскерліктерді және дағдыларды меңгеруді қажет ететін ой немесе дене еңбегін саналы, жігерлі, мақсатты бағытталған түрде орындау, оларды оқу жұмысы және тәжірибелік іс - әрекет барысында пайдалану;
- 2) Дербестік – бар білімнің және іскерліктердің негізінде ой немесе заттық тәсілдерді іске асыру кезінде ешкімнің көмегінсіз жа-сау қабілеті;
- 3) “белсенділік” және “дербестік” ұғымдары оқу іс - әрекетінің сапалық сипаттамалары болып келеді, оларды ұқсас деп қарастыруға болмайды, бірақ бір – бірімен бөле – жара қарау да орынды емес.

Студенттердің өздігінен істейтін жұмысының маңызды белгісі екі жақты мақсаттың бар болуымен анықталады: дербестіліктің қалыптасуы жеке тұлғаның қасиеті ретінде; білім, іскерліктер мен дағдылардың қалыптасуы ретінде. Бұл көзқарас бойынша, білім беру процесінің құрылысы және оны құру дербестіліктің тұлғалық қасиет ретінде қалыптасуына мүмкіндік туғызу керек. Сосымен қатар, студентке оқыту бағдарламасын табысты меңгеру және керекті білім жүйесін, іскерліктерді және дағдыларды қалыптастыруға мүмкіншілік жасау үшін оқу процесін тиісті ақпаратты - әдістемелік қамтамасыздандыру керек.

Студенттердің өзіндік жұмысын белсендендіруде бақылаудың рейтингтік жүйесі және оқу жетістіктерін бағалау үлкен рөл атқарады. Бұған А.А. Кабановтың [8] ұсынған рейтингтік жүйені ұйымдастыру әдістемесі негізге алыннуы мүмкін.

Сонымен болашақ химия пәні мұғалімін оқытудың педагогикалық технологиясы құрылатын негізгі ұстанымдары мыналар болады:

- 1) ұсынылатын оқу ақпараттарының іргелілігі мен практикалық – бағдарлық сипаты және оны ақпаратты ықшамдау негізінде ұсы-натын сөз бен іс құралдарының тиімді байланысын қамтамасыз-дандыратын шарттарды анықтау;
- 2) студенттердің оқу әрекеттерінде проблема-лықты біртіндеп артты-ру негізінде, студенттердің химиялық даярлығының дербес деңгейін бағалау барысында репродуктивтік және шығармашылық әдістердің оқтайлы үйлесімділігін қамтамасыздандыру;
- 3) ақпараттық технологияларды бүгінгі материал-дық бағаның кадрлар құрамы мен мұғалімдер біліктілігінің, оқу процесінің дидактикалық тұрғыда жабдықталу мүмкіндіктерін бағалау негізінде ендіру.
- 4) оқыту формасы мен оқу процесін ұйымдас-тырудың мазмұнға және жетекші әдіске барабар болуы.
- 5) бақылаудың рейтингтік жүйесін студенттердің өзіндік дербес жұмысын белсендіруде ынта-ландыру ретінде пайдалану.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Хмель Н.Д. Біртұтас педагогикалық процесті жүзеге асырудың теориясы мен технологиясы: Оқу құралы // Аударған К.С. Успанов– Алматы: Ғылым, 2003.– 130 б.
2. Ильина Т.А. Педагогика.– М.: Просвещение, 1984. – 432 с.
3. Орлов В.И. Содержательная учебная информация // Педагогика – 1997. - № 1.– с. 53 – 55.
4. Маусымбаев С.С. Жоғары оқу орнында болашақ жаратылыстану пәндері мұғалімін кәсіби даярлау теориясы және практикасы (физика – математика факультетінің мат.негізінде: дисс... д – ра пед.наук: 13.00.08., - Алматы, 2005. – 297 б.
5. Есипов Б.П. Самостоятельная работа учащихся в обучении //известия АПН РСФСР, 1961.– Вып 115.–109 с.
6. Козаков В.А. Теория и методика самостоятельная работа студентов: дисс... д – ра пед.наук: 13.00.01– Киев, 1991. – 445 с.
7. Сергеев А.Н. Дидактические основы профессиональной подготовки квалифицированного рабочего: дисс... д – ра пед.наук: 13.00.01. – М., 1996. – 292 с.
8. Кабанов А.А. Тестирование студентов: достоинства и недостатки // Педагогика. – 1999. - № 2. – с. 66 – 69.

Рецензент: д.пед.н. Сияев Т.